

№19 11.08.2021 ж.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



ГЛАВНЫЙ  
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

## КАУЛЫСЫ

Атырау қаласы

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Атырау

### Атырау облысының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі карантиндік шараларды қүшету туралы

Халық арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 9, 36, 102, 104, 107-баптарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-293/2020 «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидалары мен пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішіндегі карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі қүшету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына, «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен женілдету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысына, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17 қаулысына, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 1 шілдедегі №31 қаулысына, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 14 шілдедегі №32 қаулысына, Қесіпкерлік объектілерінде «Ashyq» жобасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 29 шілдедегі №33 қаулысына сәйкес, тұрғындар арасында

коронавирустық инфекцияның тіркелуін ескере отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Атырау облысының аумағында эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін шаруашылық және (немесе) өзге де қызметпен және халықтың тыныс-тіршілігінің ерекше жағдайларымен шектеу шаралары енгізілсін.

Денсаулық сақтау үйымдарын, БАҚ-ты, азық-тұлік дүкендерін, дәріханаларды және тіршілікті қамтамасыз ету үйымдарын, құрылым жұмыстарын жүргізуі және өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметін (өндіріс аймағында) қоспағанда, меншік нысанына қарамастан үйымдар, кәсіпорындар, субъектілер Атырау облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында «Ashyq» мобиЛЬДІ қосымшасын енгізсін және пайдалансын.

Шектеу іс-шараларының режимі мен мерзімдері облыс аумағында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуы бойынша ахуалдың өзгеруіне сәйкес қайта қаралуы мүмкін.»

2. Жыл сайын 2021 жылғы 29 шілдедегі №55 қаулысына сәйкес Теніз кен орнында карантиндік және шектеу шаралары Тенізде вахталық әдіспен жұмыс жасайтын қызметкерлердің шығуына (кіруіне) қойылатын талаптарды сақтай отырып, эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін ұзартылсын.

3. Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын барлық компаниялар мен өнеркәсіптік кәсіпорындар қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшету туралы», «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен женілдету туралы» 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67, №68 қаулыларының талаптарына сәйкес шектеу және карантиндік шараларды қатаң түрде орындау;

2) «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17 қаулысына сәйкес шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорын қызметкерлерінің шығуына (кіруіне) қойылатын талаптарды сақтау. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорындарындағы қызметкерлері вахтадан шығу (кіру) кезінде COVID-19-ға қарсы екпенің толық курсын алғаны туралы күжаты болғанда COVID-19-ға ПТР әдісімен тексерілмейді және оқшауланды қажет етпейді. Екпе алмаған, COVID-19-ға ПТР тестілеудің теріс мәнді нәтижесі бар жұмысшылар 7 күн оқшаулауға жатады.

COVID-19-бен сырқаттанған наукаспен қарым-қатынаста болған (жақын қарым-қатынаста) адамдар вакцинациялаудың толық курсын алғанын растайтын құжаты болған жағдайда аурудың клиникалық белгілері болмаса ПТР әдісімен тексерілмейді және оқшауландайды. Вакцина алмаған, жақын қарым-қатынаста болған, COVID-19-ға ПТР тестілеудің теріс мәнді нәтижесі бар адамдар 14 күн оқшаулауга жатады.

3) Вахтаға кірер алдында жұмысшыларды орналастыру үшін ұйымдастырылған карантиндік орындарды «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының №25 қосымшасының талаптарына аумақтық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларымен міндетті түрде келісе отырып сәйкестендіру.

4) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 1 шілдедегі №31 қаулысында көрсетілген объектілер/ұйымдар саласында қызметті жүзеге асыратын, вахталық әдіспен жұмыс жасайтын кәсіпорындардың вакцина алмаған қызметкерлері (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) вахтаға келгенге дейін 7 күн оқшаулау және COVID-19-ға ПТР тестілеудің теріс мәнді нәтижесі болған кезде міндетті ПТР тестілеуден (7 күнде 1 рет) босатылады.

5) Өндірісті қамтамасыз етуге тартылған көлік құралдарының және өнеркәсіптік кәсіпорынның аумағынан тұрақты тұратын жеріне жеткізуге жататын персоналды, қызметкерлер мен өндірістің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті азық-түлік тауарларын, жануарлардан алынатын тауарларды, дәрілік заттарды, дәрі-дәрмектерді, құрылым материалдарын, ЖЖМ тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының жүргізушилері, шұғыл медициналық көмек көрсететін жағдайда 72 сағат ішінде COVID-19-ға қарсы вакцинациялау немесе COVID-19-ға теріс ПТР тестілеу нәтижесі болған кезде өнеркәсіптік объектінің аумағына жіберіледі.

6) вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорындардың COVID-19 диагнозымен стационардан шығарылған қызметкерлері тіркелген сәттен бастап 14 күнге дейін инкубациялық кезең аяқталғанға дейін (14 күн) кәсіпорындардың карантиндік стационарларында қосымша оқшаулауга жатады.

#### 4. Атырау облысының тұрғындарына:

1) респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері пайда болған кезде (құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алушының қыындауы, ентігу және т.б.) медициналық ұйымдарға бармай, жедел медициналық көмектің 103 нөміріне қонырау шалу арқылы үйден дереу медициналық көмекке жүгінуге;

2) 5 (бес) жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып, қоғамдық тамақтану орындарында

тамақтану жағдайларын қоспағанда, қоғамдық орындарда, тұрғындардың баруына және демалуына, қызмет көрсетуге арналған орындарда, қоғамдық көліктерде медициналық немесе мата бетперделерді кию міндettі;

3) 65 жастан асқан адамдарға азық-түлік, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды, қажетті тауарларды сатып алу жағдайларын, сондай-ақ медициналық мекемелерге баруды қоспағанда аса қажеттілік болмаса тұрғылықты жерінен шықпауға ұсыныс беріледі;

4) халық көп шоғырланатын жерлерге бармауға, әлеуметтік арақашықтықты сақтауға, бетперде кию тәртібін және жеке бас гигиенасын сақтауға ұсыныс беріледі;

5) көпшілік іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге тыйым салынады;

6) бір отбасы мүшелерін қоспағанда, облыс халқы демалатын аландарда, скверлерде, жағалауларда, парктерде және өзге де демалатын орындарда З адамнан артық төпталып жиналуға тыйым салынсын;

5. «Ashyq» жобасына қатысатынына қарамастан тоқтатылсын:

1) көпшілік іс-шараларды (мерекелік, көпшілік мәдени іс-шараларды, көрмелерді, корпоративтерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу және т. б.), оның ішінде үйде және жаппай адамдар жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге;

2) ойын-сауық объектілерінің, банкет залдарының, жабық үй-жайдағы, соның ішінде қоғамдық тамақтану объектілеріндегі аттракциондардың, ойын аландарының (ауладағыларды қоспағанда), кальян, тұнгі клубтардың, мерекелерді ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетудің қызметіне;

3) марафондар, көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізуге;

4) ашық ауадағы аттракциондардың барлық тұрлерінің жұмысына (демалыс саябактарында, аландарда);

5) аландардағы, саябактардағы, скверлердегі, жағалаудағы балалардың, ересектердің жылжымалы ойын құралдарының ұсақ бөлшек саудасына, жалға беруге;

6) жиналыстар, кеңестер, семинарлар, конференцияларды селекторлық режимде және бейнеконференцбайланыс арқылы өткізуге рұқсат етумен, оффлайн режимде өткізуге;

6. Әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін жұмыс уақыты мен режимі бойынша шектеу:

1) меншік нысанына қарамастан субъектілердің, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдары қызметкерлерінің кемінде 80%-ын «қашықтыктан» жұмыс нысанына ауыстыру, бұл ретте қашықтықтан және күндізгі жұмыс форматында жұмыс жасау үшін ұйымдар, оғистер қызметкерлерін COVID-19-ға қарсы вакцинациялау жүргізілген жағдайда егілмеген қызметкерлер арасынан пайыздық арақатынасы бойынша талаптарды ескеріп жүзеге асырады. Бұл ретте соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдардың және COVID-19-ға қарсы

вакцинациялаудың толық курсын алған барлық қызметкерлердің күндізгі режимде жұмыс істеуіне жол беріледі;

2) Халықта қызмет көрсету орталықтарының (бұдан әрі-ХҚҚО), оның ішінде мамандандырылған ХҚҚО-ның жұмысын жұмыс күндері штаттық режимде ұйымдастыру, сенбі және жексенбі күні жұмыс жасауға тыйым салу. Карантин шараларын сақтау үшін ХҚҚО-ға және мамандандырылған ХҚҚО-ға алдын ала Egov.kz, «EgovKZBot 2.0» телеграмм-ботпен брондау арқылы бару ұсынылады;

3) мектепке дейінгі балалар ұйымдарының кезекші топтарының (саны 15 баладан аспайтын) жатын бөлмелеріндегі кереуеттер арасындағы қашықтық кемінде 1 метр болуын сақтау;

4) балаларды сауықтыру ұйымдарының жұмысы 50%-дан артық емес толтырумен;

5) медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматологиялар алдын ала жазылу бойынша;

6) діни объектілер (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және басқалар) толтырылуы 30%-дан аспайтын және бір келушіге кемінде 5 м<sup>2</sup> қамтамасыз ете отырып, жабық үй-жайларда ұжымдық іс-шараларды өткізбей жұмыс күндері жұмыс істеуге рұқсат етілсін, сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуге тыйым салынады;

7. «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілерге - «Ashyq» жобасының көшбасшыларына сағат 00.00-ге дейін, «Ashyq» жобасы бойынша жұмыс жұмыс жасайтын өзге объектілерге жұмыс күндері сағат 22.00-ге дейін (сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуге тыйым салынады).

8. «Ashyq» жобасына қатыспайтын әлеуметтік-экономикалық объектілерге жұмыс күндері сағат 17.00-ге дейін жұмыс жасауға рұқсат етіледі, сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуге тыйым салынады.

9. Әкімдіктерді, құқық қорғау органдарын, денсаулық сақтау ұйымдарын, БАҚ-ты, азық-түлік дүкендерін, дәріханаларды, азық-түлік жәрмеңкелерін, тіршілікті қамтамасыз ету ұйымдарын қоспағанда, «Ashyq» жобасына қатысатынына қарамастан, меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметі демалыс күндері токтатылсын. Сондай-ақ демалыс күндері рұқсат етілсін:

- құрылыш жұмыстарын жүргізуге;
- өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметіне;
- жанаспайтын қызмет көрсетуге (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ күімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу орындары, химиялық тазалау, кілт жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша қызмет көрсету және т.б.), гүл дүкендерінің, фотосалондардың қызметіне;

- туристік компаниялардың, бизнес орталықтардың, қызметтің жекелеген түрлерінің қызметіне (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мулік

жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар, банктер, «Казпошта» АҚ бөлімшелері және т.б.);

- қоғамдық тамактану объектілерінің тек алып шығуға және жеткізуге арналған қызметіне;

- ашық азық-түлік базарларының жұмысына тек сенбі күні рұқсат етілсін;

10. Карттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған интернат типіндегі оку орындарында санитариялық-дезинфекциялық режим сақталсын. Әлеуетті ата-аналар берілген күнінен бастап З тәуліктен аспаған, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсын алғаны туралы құжатты ұсынған кезде жетім балаларды одан әрі асырап алу, корғанышылықты, қамқоршылықты белгілеу үшін олармен кездесуге сәбилер үйлері мен балалар үйлеріне баруға рұқсат етіледі. Берілген күнінен бастап З тәуліктен аспаған, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсын алғаны туралы құжатты ұсынған кезде ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының медициналық-әлеуметтік объектілерге баруына рұқсат етіледі.

11. Қоғамдық көліктің жұмыс режимі жұмыс күндері және сенбі күні штаттық режимде, қарбалас сағаттарда қоғамдық көлік желіде максималды шығуымен, барлық есіктерін ашуымен белгіленсін, жексенбі күні жұмыс істеуге тыйым салынсын. Соңғы аялдамаларда қоғамдық автокөліктерге күнделікті дезинфекция жүргізу қамтамасыз етілсін. Қоғамдық көліктің толтырылуы катаң түрде отырғызу орындары бойынша болуы тиіс. Қоғамдық көлік антисептикалық құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс, қоғамдық көлікке тек жеке қорғаныш құралдарымен (медициналық бетперделермен) кіруге рұқсат етіледі.

12. Карантиндік және шектеу шараларының сақталуын бақылау бойынша мониторингтік топтардың жұмысы жандандырылсын, мониторинг кестесіне сәйкес күнделікті тексеруді және облыс әкімдігі мен санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне ақпарат беру қамтамасыз етілсін.

13. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы қамтамасыз етсін:

- «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі қүшешту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67, «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен женилдету туралы» №68, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 1 шілдедегі №31 қолданыстағы қаулылары талаптарының орындалуын;

- облыс бойынша Үйлестіру орталықтарының жұмысын жандандыру, карантиндік шаралардың бұзылуы туралы шүғыл хабарламалардың уақтылы ұсынылуын;

**14. Атырау облысының Полиция департаментіне:**

- шектеу шараларын сақталуы бойынша патрульдер ұйымдастырын, егер жоғарыда көрсетілген талаптардың бұзылуы немесе орындалмауы анықталса, аумақтық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларына дереу материалдар жіберсін;

**15. Атырау облысының Ішкі саясат басқармасына:**

- облыс тұрғындары арасында жұқтыру ошактарын жою мен оның таралуы тәуекелдерін азайту бойынша қабылданған шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық қолдау жүргізу.

**16. Атырау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 15 шілдедегі №15 «Атырау облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі карантиндік шараларды қүшету туралы» және 2021 жылғы 26 шілдедегі №18 «Атырау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 15 шілдедегі №15 «Атырау облысының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі карантиндік шараларды қүшету туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулыларының, Атырау қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 шілдедегі №157 «Атырау қаласының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі карантиндік шараларды қүшету туралы» және 2021 жылғы 31 шілдедегі №158 «Атырау қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 шілдедегі №157 «Атырау қаласының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі карантиндік шараларды қүшету туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулыларының күші жойылды деп танылсын.**

**17. Осы қаулының орындалуын бақылауды Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ә.А.Бекешеваға жүктеймін.**

**18. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.**

**Атырау облысының  
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері**



M. Танауов